



Ғылыми мақала / Scientific article
XF7AP / IRSTI 02.15.51



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-152-3-19-36>

«SAYAT QORA» («HUNTING-BOX») AS A HISTORICAL AND CULTURAL VALUE: ISSUES OF SOLITUDE AND FREEDOM

Erlan SYDYKOV^a , Turdykul SHANBAY^b 

^a*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

^b*Shakarim University, Semey, Kazakhstan*

 Tutril59@mail.ru

Abstract. During the peak of his spiritual and intellectual development, Shakarim deliberately sought solitude, distancing himself from societal bustle. He settled in a remote mountain valley, where he established «Sayat Qora» – a place that became a symbol of his spiritual quest. This conscious withdrawal from the world reflected his pursuit of inner freedom and harmony. The phenomenon of Shakarim's seclusion has yet to receive adequate philosophical reflection within the framework of Kazakh intellectual tradition. Just as Tolstoy's Yasnaya Polyana and Abai's Zhidebai have become sacred spaces in Russian and Kazakh cultural history, respectively, Shakarim's «Sayat Qora» also represents a unique spiritual value. It is a space that embodies his worldview, personal search, and philosophical depth. Shakarim was an outstanding thinker, a classic poet of Kazakh literature, a historian, and a humanist. His life was marked by profound complexity. Interpreting the phenomenon of Shakarim through the prism of the sacred space of «Sayat Qora» provides a new perspective on the themes of solitude, freedom, and spiritual autonomy, which remain relevant today. Shakarim's spiritual elevation caused concern among the authorities during times of upheaval. This article addresses essential philosophical questions related to his worldview. The transitional period between the 19th and 20th centuries was marked by major societal transformations, and Shakarim, endowed with a high spiritual potential, opposed both the Tsarist regime and the Soviet system. He was deeply concerned with the fate of humanity and his nation. As a result of these upheavals, society faced a profound moral and spiritual crisis, culminating in Shakarim's tragic fate. Shakarim envisioned a just society and authored a significant philosophical work – «Үш анық» («Three insight») and ethical and philosophical teaching – *Ap Bilimi* («The Science of Conscience»). This article presents the first systematic philosophical analysis of the core elements of his thought, with particular attention to the sacred meaning of solitude and the concepts of freedom and justice.

Keywords: «Sayat Qora» («Hunting-box»); existentialism; anxiety; loneliness; stand apart; not lose yourself; fundamental freedom; personal liability; eternity; global problems

For citation:

Sydykov E., Shanbay T. «Sayat qora» («Hunting-box») as a historical and cultural value: issues of solitude and freedom // *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 152. – No. 3. – P. 19-36. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-152-3-19-36>.

ШӘКӘРІМНІҢ «САЯТ ҚОРАСЫ» ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚ: ЖАЛҒЫЗДЫҚ ПЕН ЕРКІНДІК МӘСЕЛЕСІ

Ерлан СЫДЫҚОВ^а, Тұрдықұл ШАНБАЙ^б

^аЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

^бШәкәрім университеті, Семей, Қазақстан

«САЯТ ҚОРА» («ОХОТНИЧИЙ ДОМ») ШАКАРИМА КАК ИСТОРИ- КО-КУЛЬТУРНАЯ ЦЕННОСТЬ: ПРОБЛЕМЫ ОДИНОЧЕСТВА И СВОБОДЫ

Ерлан СЫДЫКОВ^а, Турдыкул ШАНБАЙ^б

^аЕвразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

^бШакарим университет, Семей, Казахстан

Аңдатпа. Мақала Шәкәрімнің «Саят қорасын» тарихи-мәдени құндылық ретінде тарихи-танымдық тұрғыдан зерттеуге арналған. Шәкәрім толысқан шағында жалғыздыққа ұмтылған. Елсіз тау қойнауында «Саят қораны» салдырып сонда тұрған. Саналы түрде оқшауланған. Еркіндік іздеген. Шәкәрімнің оқшаулануы танымдық тұрғыдан қазақ фәлсапасында арнайы қарастырылмаған. Л.Н.Толстойдың «Ясная Полянасы», Абайдың «Жидебайы» сияқты, Шәкәрімнің «Саят қорасы» да сакральды құндылық. Ғұлама ойшыл, классик ақын, танымал тарихшы Шәкәрім қажының тағдыры өте күрделі. Шәкәрім феноменін сакральды «Саят қора» контекстінде қарастырсақ, жалғыздық пен еркіндік мәселесімен үндесері хақ. Шәкәрімнің рух биіктігі аласапыран замандағы билікке мазасыздық әкелді. Мақалада осы фәлсапалық сауалдарға жауап іздеу басты ғылыми мәселе. XIX-XX ғасыр түйіскен кезеңдегі аласапыран адамзат қоғамына төңкеріс әкелді. Рухы биік Шәкәрім патша билігіне де, кеңес режиміне де қарсы болды. Шәкәрімді адамзат болашағы, ұлт тағдыры алаңдатты. Төңкеріс нәтижесі халыққа нәубет, Шәкәрімге трагедиялық өлім әкелді. Адамзат қоғамының әділетті болғанын армандаған Шәкәрім «Ар білімі» туралы ой айтып, соның жазылуын аңсаған. Мақалада алғаш рет танымдық-фәлсапалық өзекті мәселелер жан-жақты қарастырылады.

Түйін сөздер: «Саят қора»; экзистенциализм; үрей; жалғыздық; оқшаулану; өзін-өзі жоғалтпау; еркіндік; жауапкершілік; мәңгілік; жаһандық мәселелер

Аннотация. В период своего духовного и интеллектуального расцвета Шакарим сознательно стремился к уединению, отдалившись от общественной суеты. Он обосновался в безлюдном горном ущелье, где построил «Саят қора» – место, ставшее символом его духовного поиска. Это было осознанное уединение от мира, выражение стремления к внутренней свободе и гармонии. Феномен уединения Шакарима до сих пор не получил достаточного философского осмысления в контексте казахской культурно-философской традиции. Подобно тому, как Ясная Поляна Льва Толстого и Жидебай Абая стали сакральными пространствами в истории русской и казахской культуры, «Саят қора» Шакарима также представляет собой особую духовную ценность. В этом пространстве нашли отражение его мировоззрение, личные искания и философская глубина. Шакарим – выдающийся мыслитель, классик казахской поэзии, историк и гуманист. Его судьба была крайне сложной. Осмысление феномена Шакарима через призму сакрального пространства «Саят қора» позволяет по-новому взглянуть на темы одиночества, свободы и духовной автономии, актуальные и в наши дни. Высота духа Шакарима вызвала тревогу у властей смутного времени. В статье поднимаются важные философские вопросы, связанные с его мировоззренческой позицией. Период рубежа XIX–XX веков стал временем масштабных общественных потрясений, и Шакарим, обладая высоким духовным потенциалом, открыто выступал как против царского режима, так и против советской власти. Его волновали судьбы человечества и собственного народа. В результате этих потрясений общество пришло к глубокой духовной и нравственной катастрофе, а самого Шакарима постигла трагическая участь. Шакарим мечтал о справедливом обществе и создал выдающееся философское произведение – «Үш анық» («Три истины») и этико-философское учение – «Ар білімі» («Наука совести»). В данной статье впервые предпринимается системный философский анализ ключевых аспектов его учения, особое внимание уделяется сакральному значению уединения, идеям свободы и справедливости.

Ключевые слова: «Саят қора» («Охотничий дом»); экзистенциализм; тревога; одиночество; уединение; не утратить себя; свобода; ответственность; вечность; глобальные проблемы

Сілтеме жасау үшін:

Сыдықов Е., Шаңбай Т. Шәкәрімнің «Саят қорасы» тарихи-мәдени құндылық: жалғыздық пен еркіндік мәселесі // *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 152. – No. 3. – 17-35 бб. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-152-3-17-35>.

Кіріспе

Шәкәрімнің «Саят қорасы» өзінің мазмұны жағынан тарихи-мәдени сакральды құндылық, сирек құбылыс, өзгеше феномен. Өйткені, осы «Саят қорада» Шәкәрім елден саяқ жалғыз тұрды. Неге? Сұрақ біреу. Жауап мың-сан. Адамзат баласы жалғыздыққа ұмтылысты қашанда күрделі қабылдаған. Қазақ халқында «Жалғыздық Құдайға жарасады» деген терең таным бар. Шәкәрімнің осы харакетін терең тануға ұмтылмай, немесе оның мәніне терең бойлай алмай, қаңқу сөзге бой алдырған кездер сол заманда да болған. Шәкәрімнің «Саят қорасы» тарихи-фәлсапалық сакральды құндылық болса, тұлғаның жалғыздық пен еркіндікке ұмтылысы терең таным жемісі. Зерттеу жұмысының басты мақсаты – Шәкәрімнің «Саят қорасын» тарихи-танымдық тұрғыдан зерделеп, оны көпқабатты сакральды құндылық ретінде талдап-таразылау. Шәкәрімнің саяқ өмір сүруге саналы түрде баруының мәнін түсінуге ұмтылу да аса өзекті мәселе. Шәкәрімнің «Саят қорасы» ХХ ғасыр басындағы қазақтың тарихи-танымдық өміріндегі өзгеше саяси-әлеуметтік құбылыс болғаны анық. Шәкәрім даралықтан даналыққа ұмтылған кезінде, әлемнің ғылымы дамыған елдерді аралап келген соң саналы түрде осындай шешімге келген. Ширек ғасырға жуық елсіз далада жалғыз тұру, сол кезеңде жалпы түсінікке ауыр, санаға салмақ салатын құбылыс еді. Ал, нақты тарихи тұрғыдан алғанда әлемдік деңгейдегі кітапхананы жинақтап, оқшаулану адамзат тарихында ерекше дара шешім болған. Қазақ даласын әр қырынан, әртүрлі мақсатпен зерттеуге келген саяхатшы-зерттеушілердің Шәкәрімге соқпай кеткені болмаған. Тәуелсіздіктің еркіндік самалы соққанда, Шәкәрімнің асыл аты ақталып, оның мол мұрасына халқы бас қойып, оқып таныса бастады. Шәкәрімтану ғылымы қарқынды дамыды. Соның ішінде шоқтығы биігі Семейде ашылған «Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу Орталығы болды». Сол орталықта дүниеге келген еңбектердің сүбелісі мыналар болды: алты кітаптан тұратын «Шәкәрімтану мәселелері» сериялық ғылыми жинағы, «Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиясы және «Шәкәрім» республикалық ғылыми-танымдық журналы. Міне, осы жетістіктер шәкәрімтану саласының дамуына үлкен серпіліс берді. Биылғы жылы, Семейдегі Шәкәрім университеті жанынан жеке тұлғаға арналған, еліміздегі тұңғыш ғылыми музей ашылды. Осы үлкен қордың негізінде Шәкәрімнің өмірі мен мол мұрасын жүйелі түрде зерттеуге жол ашылды. Шәкәрімнің «Саят қорасын» тарихи-археологиялық, танымдық-фәлсапалық тұрғыдан тұтас контексте зерттеу басталды. Отандық ғылымдағы осы жаңашыл құбылыс аясында Шәкәрім мұрасы да жан-жақты зерттеле бастады.

Зерттеудің әдіснамасы

Шәкәрімнің «Саят қорада» қоғамнан алшақ тұруының негізі факторы – жалғыздық феномені, еркіндік аңсары. Дегенмен, оған алғышарт болған қоғамдық-әлеуметтік

өзгерістерді де теріске шығара алмасақ керек. Сондықтан, зерттеуші мақалада басымдықты тарихи-фәлсапалық зерттеу тәсіліне басымдық бере отырып, мәселенің ауқымдылығына сай пәнаралық әдістерді де қолданады.

Зерттеу жұмысының нәтижелері

Шәкәрім толысқан шағында елден жырақ жерде «Саят қораны» салдырып, сонда оқшауланып өмір сүрген. Шәкәрімнің осы харакеті көзі тірісінде аңызға айналған. Біз соның мәніне үңілмекпіз. Жалғыздық пен еркіндік – этика-фәлсапалық ұғым ғана емес, әлеуметтік-саяси факторлардың ықпалынан шығатын адамзат қоғамындағы феномендік құбылыс. Оның астарында адам тағдыры, адамзат тарихы жатыр. Бұл мәселе, бүгінде де өзінің өзектілігін жойған жоқ, қазіргі кезең контекстінде де өткір көрініс тауып отыр. Сондықтан, жалғыздық пен еркіндік феноменін тануға ұмтылыс, адам болмысын тануға өріс ашады. Дегенмен, жалғыздық феномені біртекті емес, түрлі факторлар ықпал ететін табиғаты тылсым құбылыс. Еркіндік Шәкәрімде метаұғым. Жалпы философияда еркіндікті кеңтарапты үш бағытта қарастыру қалыптасқан: жағымды (позитив), жағымсыз (негатив) және ерік (свобода воли) аясында қарастырады. Неміс философы Артур Шопенгауер еркіндіктің үш түрі бар деп, өзінше жүйелеген: физикалық еркіндік, интеллектуалдық еркіндік және моральдық еркіндік (Шопенгауер, 1992: 46-47).

Фәлсапада бүкіл әлем және ондағы адам болмысы деген түсінік бар. Адам танымының көкжиегі көркем, жалғыздық шексіздікке ұмтылыс. Шығармашылық жалғыздық, ол тіптен бөлек құбылыс. Суреткер жалғыз, бірақ оның жалғыздығы қайталанбас, ешкімге ұқсамайтын жалғыздық. Міне, Шәкәрім жалғыздығына осы тұғыдан келген абзал. Шәкәрімнің жалғыздығы – қаңқу сөзден биік жалғыздық, еркіндікке ұмтылған жалғыздық. Еркіндіктің болмысын тануға ұмтылыс, ешқашан саябырсыған емес, осы ойымызды француз философы Жан-Поль Сартрдің мына сөзі негіздей түседі: «Свобода едина, но проявляется она по-разному, в зависимости от обстоятельств. Философам, ставшим на ее защиту, можно задать один предварительный вопрос: какова была та особая ситуация, которая дала вам опыт свободы? Ведь одно дело – почувствовать себя свободным в своих поступках, в общественной и политической деятельности, в художественном творчестве, и совсем другое – ощутить свою свободу в акте понимания и открытия» (Сартр, 2008: 197). Жан-Поль Сартрдің осы сауалы, еркіндіктің қаншалықтықты масштабты ұғым екенін аңғартады.

Өмірде 73 жасқа келіп, дүниеден озған Шәкәрімнің еркіндік пен жалғыздық туралы танымы терең, әрі күрделі. Міне, осы жерде Шәкәрімнің «Саят қораны» салдырып, сонда өмірінің соңғы 19 жылында тұрған феномендік тағдыры мәдени-фәлсапалық мәселе ретінде көрініс табады. Шәкәрімнің «Саят қорадағы» ширек ғасырға жуық өмірі қазақ болмысында бұрын болмаған тарихи феномендік құбылыс. «Саят қора» талай зерттеудің объектісі болары хақ. Шәкәрім жалғыздыққа, еркіндікке ұмтылған тұрағын 1912 жылы Кеңқоныс жайлауына салдырған. 1924 жылы жүйе өзгерген шақта, бұл жер крестьян болып орнаған шаруалардың теліміне беріліп кеткен. Келесі «Саят қора» аталған тұрағын 1925 жылы, осы қорасынан ары 19 шақырым жердегі Шақпақтың

күнгей бетінен салдырған. Онда 1931 жылы оққа ұшқанға дейін тұрған. Аласапыран заманның бәрін басынан өткерген Шәкәрім өмірінің мазмұнды соңғы жиырма жылында «ойға оңаша жер керек» деген еркіндік пен жалғыздық алаңы осы «Саят қора» болды. Шәкәрім «Кеңқоңыста» тұрғанда жанында бір қағушысы мен бір бақыршысы болған. Қағушысын қар қатып, аңға шығудан қалған уақытта босатып отырған. Ал, бақыршысы болған Әуіш алты жылдай қасында болып, Шәкәрім оны 1918 жылы босатқан. Шәкәрім «Саят қорада» тұрғанда әлемді дүр сілкіндірген адамды құлдыққа ұстауға қарсы шыққан американ жазушысы Гарриет Бичер Стоудың «Том ағайдың лашығы» романын аударған. Ол аудармасы туралы 1931 жылы Сәбит Мұқановқа жазған хатында айтқан: «Әділ-Мәрия» деген романымның көшірмесі Алматыдағы осынан барып қызметке тұрған Бағдәулет Құдайбердіұлында шығар. Оның тұрағы Алматыда Ленинский көшеде № 63. Сол балада Американың Бичер Стоу деген әйелі жазған құлдар тұрмысы жайынан «Том ағай балағаны» деген қазақшаға аударғаным бар шығар. Бірақ оларды бастырам деп рұхсат алып еді. Табылса менің сөзше жазғанымды бастырғаныңыз мақұл. Өлеңшесін өзіңіз білесіз» (Шәкәрім, 1970). Хат «Ардақты Сәбит бауырым» деп басталып, бірден жазылған уақыты көрсетілген: «31 жылы 3-февральда елсіздегі саят қорада жазылды». Хатта Шәкәрім Бичер Стоудың «Том ағай балағаны» романын қазақ тіліне аударғанын айтқан. Және ол шығарманың қолжазбасы Алматыда тұратын Бағдәулет Құдайбердіұлының қолында екенін ескерткен. Біздің ойымызша Шәкәрім Бичер Стоудың «Том ағай балағаны» шығармасын А.Н.Анненскаяның аударуымен 1908 жылы орыс тілінде жарық көрген нұсқасын негіз қылып алған сияқты. Бұл, әрине болжам. Балалар жазушысы, әрі аудармашы Александра Никитичная Анненскаяның (1840-1915) орыс тіліне аударған «Хижина дяди Тома» нұсқасы көп тиражбен жарық көріп, оқырман қауымға XX ғасыр басында кеңінен танымал болатын (Бичер-Стоу, 1908: 511).

Өкінішке орай Шәкәрімнің аудармасы бүгінгі күнге дейін табылмай отыр. Және, Шәкәрім осы атақты шығарманы қара сөзбен де, өлең сөзбен де аударғанын атап өткен. Адам баласын құлдықта ұстауды сынаған атақты шығарманы аударған Шәкәрімнің өзі де адамды құлдыққа ұстағандай болмайын деген оймен Әуішті босатады. Осы жағдай баласы Ахаттың естелігінде кең таратылып берілген: «Алты жылға тақау осылай істеп жүріп, 1918 жылдың қысында, он төрт жасынан біздің ауылда болған руы керей «Әуіш» деген жан жолдасын қайтарып жіберіп, өзі жалғыз жататын болды. Әуіш келген соң, ауылдағылар шошып қалды. Әуіш келген жайын баяндады. Бір күні оған әкей: «Түйе саууды үйрет», – дейді. Әуіш: «Оның керегі не сізге? Үстіңізге сүт шашырайды», – дегеніне болмай, түйені қалай саууды үйренеді. Онан соң, бір күні Әуішке айтады: «Сен елге қайт, мен жалғыз жатамын» – дейді. Әуіш: «Қайтпаймын!!» – дейді. Әкей: «Жоқ, Әуіш! Сен мені ұғасың. Менің қайғы-қуанышыма ортақ екеніңді білемін. Шын маған жаның ашыса, елге бар. Мен сенің еркінді байлап, неше жыл қасымда ұстадым. Әрине, сен менің қасымда болғаныңа ренжімейтініңді жақсы білемін. Бірақ, адамның еркін байлау – құлданумен бір себеп. Мен енді құс салып жатқам жоқ. Ендігі бітіретінім – жазу, өз тамағымды өзім істеп, су әкелуге, от жағуға, атқа, түйеге даяр шөпті салуға шамам келеді. Мені ұқсаң, аясаң, елге қайт», – деп, болмай мені қайтарды», – дейді. Әуіш туралы жазған өлеңі бар» (Шәкәрімұлы, 2002).

Шығармашылықта да, өмірде де еркіндікті ту еткен Шәкәрім «адамның еркін байлау – құлданумен бір себеп» деген сөздерді айтып Әуіпті босатқан. Әуіптен өзі түйе саууды, басқаны үйренеді. Жалғыздыққа бару оңай шешім емес. Қазақта «Жалғыздық құдайға ғана жарасады» деген таным бар. Оны Шәкәрім жақсы білген. Мұсылман қауымы Жаратушыны бар деп әрі бір деп иман еткен. Шәкәрімнің ұстазы хакім Абай 37-ші қара сөзінде: «Дүниеде жалғыз қалған адам – адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?» (Құнанбайұлы, 2002: 123). Шәкәрім бұның бәрін білген. Толысқан Шәкәрім заманы аласапыранға толы болды. Шәкәрім оны тамыршыдай таныды. Ойшыл Шәкәрім еркіндік пен жалғыздыққа бой ұрған таңдауды «Кейбіреу безді дейді елден мені» деп басталатын өлеңінде анықтап атап көрсеткен: «Мен жалғыз, сендер елде қойдың қалып, Ешкімнің кеткенім жоқ малын алып. Елу бес жыл жинаған қазынамды, Оңашада қорытам ойға салып». Шәкәрімдікі елден безу емес, оңашада ой қорыту екен. Саналы түрде оқшауланып, ой қорыту феномені қазақ даласында сирек құбылыс. Бұндай құбылыстың болмысын Жан-Поль Сартр терең ашып берген: «Свободный человек одинок перед абсолютно свободным Богом; свобода – основание бытия, его скрытое измерение; в этой строгой системе она есть глубочайший смысл и подлинное лицо необходимости» (Сартр, 2002: 215). Оңашада ой қорыту – сапаның белгісі, фәлсапаның анық жолы. Шығармашылық тұлға үшін жалғыздықтың мәнін терең танып, ашып берген атақты американ жазушысы Эрнест Хемингуэй болды. Эрнест Хемингуэй 1954 жылы Нобель сыйлығының лауреаты атанғанда ресми шараға өзінің бармағаны тарихтан белгілі. Оның ресми сөзін арнайы барған адам жеткізген. Жазушының сол сөзінде мынандай жолдар бар: «Жизнь писателя, когда он на высоте, протекает в одиночестве. Писательские организации могут скрасить его одиночество, но едва ли повышают качество его работы. Избавляясь от одиночества, он вырастает как общественная фигура, и нередко это идет во вред его творчеству. Ибо творит он один, и, если он достаточно хороший писатель, его дело – изо дня в день видеть впереди вечность или отсутствие таковой» (Хемингуэй, 1983: 230).

Жалғыздық – шығармашылыққа пассионарлық қуат беретін күй. Шығармашылық жалғыздық жалғыз қалу деген сөз емес, саналы таңдаудан туындаған өмір салты. Дегенмен, Шәкәрімнің осыншама өзгеше шешім қабылдағанына басқа факторлар әсер етпеді деу қиын. Мәселен, Шәкәрімнің «Жапанда жалғыз жаттым елден безіп» деп басталатын өлеңі көп мәселеге сәулесін түсірген. Саналы түрде шығармашылыққа ғана ден қойған тұлға, «елден безіп» деген тіркесті қолданбасы анық. Елден безсе, оның елден безуге ықпалы болған факторлар бар болғаны. Осы өлеңнің алғашқы шумағын толық берейік:

Жапанда жалғыз жаттым елден безіп,

Жалықсам, аң қараймын тауды кезіп.

Оңашада жатқанды ұнатамын,

Елімді ел қылмасын ерте сезіп (Құдайбердіұлы, 2008: 144).

Аласапыран заманда ел үстінен күн көрген опасыздарға күйінген. Олардың әрекетінен «Елімді ел қылмасын ерте сезіп» дейді Шәкәрім, амалсыздан оңашаланғанын айтады. Ойшыл ақынның ашынғаны соншалық, шаш ал десе, бас алатын «Жауға қатын, жақынға

жалмауыздар»-ға қатты күйінген. Қоғамдық жүйенің әбден асқынған кезіндегі күйді мына жолдар арқылы жеткізген: «Айта алмайсың дұрысын, Алаяқ бәрің ұрысың. Жуанды сүйеп ел жеген, Басшыларың құрысын» (Құдайбердіұлы, 2008: 145) – дейді. Қазақ даласының патшаға қарап тұрған кезінде Шәкәрім де бірнеше рет болыс болған. Шәкәрім нағыз «Бөліп ал да, билей бер» кезеңінің асқынған кезінде бірнеше рет болыс болған. Негізінен сайлауға түспей, «назначения» арқылы болыстыққа тағайындалған. Ол туралы Ахат Шәкәрімұлының естелігінде толық берілген. Шәкәрім сол уақыттың өзінде, болыстықтан босап шығып, еркіндікте шығармашылықпен айналысуға ұмтылған. Ол туралы баласы Ахатқа Шәкәрім айтып берген: «Болыс-әкімшілікке құмар болдыңыз ба?» – деген сұраққа әкей былай деп жауап беретін: «Құмар болғам жоқ. Абай маған: әкімшілік қолында болған адам елді жемей, қиянат қылмай, партия, дау-жанжалға кіріспей отыра алмайды. Кіріскен адам ардан айрылады, білім қуудан қалады» – деп, құлағыма құя беретін. Сондықтан, болыстыққа құмар болмадым». «Болыс болдыңыз ғой?» – дегенде, «Екі рет өзіміздің Шыңғысқа, алты айдай Сыбанға болыс болдым. Бір жылы, қиян-кескі партияда, Олжай екі бөлініп, болыстыққа қырқысады. Болыс сайлауында жеті старшын екі бөлінген екі партияның екі жағына да шарын бермей отырып алады. Келген ояз шар түгел болмаған соң болысты сайлай алмай-ақ қояды. Ояз: «Бұлай болса, назначениямен басқа болыс сайланады!» – дейді. Ал, жеті старшынның айтатыны: «Бізге ризашығын, алым-салық ауыр түсетін болды, біз болған болыстан дұрыстық таппадық. Бізге адал, қиянатсыз кісі керек. Олай болмаса, жаттан-ақ сайлансын!» – дейді. Осы сайлауда Абай мені шақыртып алып, «Сен болыс боласың», – деді. Мен: «Болыс болмаймын, болыс болма деген», – дедім. Абай: «Кім саған болыс болма деді?» – дегенде мен: «Өзіңіз айтқансыз!» – дедім. «Оның рас! Бірақ осы жолы сен болыс болмасаң, басқа елден кісі әкеп сайлайды, болыстық кетеді!» – деп мені көндіріп, шарға салғанда болыс боп шықтым. Ешкімнен шабарманға ат, болысқа сойыс, не орынсыз шығын салғам жоқ. Жоғары орынның тапсырған қызметін істеп жүрдім.

Келесі сайлауда талас болып, мен тағы сайландым. Келесі сайлауда: «Қуған білімімнің қалғанын, болыстықтың жексұрындықтан басқа түк әпермейтінін айтып, енді болыс болмайтынымды айттым. Оспан болыс боламын дей беретін. Оспан ағам болсын, мен босайын!» – дедім. Абай келісті. Оразбай Абайға қарсы. Осы сайлауда Оразбай жақтың шары көп болып, Күнту болыс болды. Сүйтіп, мен Шыңғысқа екі сайлау болыс болдым амалсыздан... 1911 жылы Сыбанның Салпы деген табында қырғын талас болып, кісі өліп, сайлау болмай қояды. Сондықтан жоғарғы орын мені назначениямен сол елге сыртымнан болыс сайлады. Мен: «Сырқатпын, болыс болмаймын!» – деп оязға бардым. Ояз: «Сен ол елді жайғайды деп жіберіп отырмыз. Егер бітірсең босайсың» – деді Мен жазғытұры Сыбан еліне барып, таласқан екі жақты бітістіруге бар күшімді салдым. Ақыры сәті келіп, татуластырып, бітістік деп ел атынан оязға рапорт түсіртіп, екі жақтың қалаған бір кісісін болыс сайлатып, сол күзде босап қайттым. Содан кейін болыс болғам жоқ!» – дейтін. «Мені болыстың, әкімшілікке құмар қылмай, одан құтқарған Абай!» (Шәкәрімұлы, 2007: 173-174) – дейтін.

Шәкәрімнің болыс болған кезеңде, халықтың екі жақты қыспақта қалғанын көрді. Өзі еркіндікті аңсады, халқының еркіндікке жетуін армандады. Ақынның 1917 жылы

жазылған «Бостандық таңы атты» өлеңі осыған дәлел. Насихатқа негізделген өлеңнің бірінші шумағы мына жолдармен басталады: «Бостандық таңы атты, қазағым, көріңдер, Арға ие басшының соңынан еріңдер». «Арға ие басшы» бодандықтан босап, еркіндікке ұмтылған елін басқарар тұлғаның поэтикалық бейнесі. Шәкәрім елсіз жайлауда «Саят қорасын» салдырып, оңашада ой қозғауына ықпал еткен факторлар болған. Соның бірі Ахат Шәкәрімұлының естелігінде берілген Абаймен болған мына сұхбат: «Мен, – дейді Шәкәрім, – Жайлауда Абай аулына бардым. Үйде Абай тұрғылас ақсақалдар толып отыр екен. Мен сәлем беріп кіргенде Абай: «Кімді айтса, сол келеді дегендей, Шәкәрім, келгенің жақсы болды. Мен мына ақсақалдарға айтып отыр едім. Мен етек басты болып, білім қуа алмай қалдым. Сол көксеген арманымды Шәкәрім арқылы орындаймын деп, саған білім қуғызатын болдым! Адам қырық жасына дейін білім жинап, қырық жасында кәміл толады, ақыл-ойы, жігер-қайраты жетіледі. Енді үш жылда сен қырыққа толасың. Шығыс тіліне жетік болдың. Енді үш жылға дейін орыс тілін үйрене бер. Бар қаражатың менің мойнымда, сен осыған дайындал. Кәне, осыған келісесің бе?» – деді. Мен: «Барлық қаражат сізден болса, білім алуға барайын. Бірақ, қай жерге барамын?» – дедім. Абай: «Афин-Грек білімі Стамболға жиналған, содан табылады. Араб білімі: Меккеде, бірақ, менімше Меккеден гөрі Мединадан көбірек табылуы керек. Және Мысырдағы Александр атындағы кітапханаға барасың. Осы төрт жерге барып, тарихи орындарды аралап, керек кітаптарыңды алып, біліміңді толықтырып қайтасың. Сатып алатын кітаптарыңа, жол қаражатыңа жетерлік пұлды өзім берем. Осыған келіссең, қолыңды әкел – деп», қолын ұсынды. Мен: «Қаражат сізден екен, мен білім алады екем, барам», – деп, қолымды бердім. Абай қолымды алып кісілерге қарап, «Көрдiңдер ғой, Шәкәрім уағдасын бердi!» – дедi. Отырған ақсақалдар: «Көрдiк» (Шәкәрімұлы, 2007: 171) – десті.

Шәкәрім Абайдың даналығын ертерек терең түсінген. Шәкәрімнің поэмаға бергісіз 89 шумақтан тұратын өлеңі бар. Шәкәрім алғаш ақталғанда 1959 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің 9 қаңтардағы санында осы өлеңнің үзіндісі «Абай үлгісі» деген атпен жарияланған болатын. Ол тегін емес еді, ақын Абайды өлеңнің өн бойында жастарға үлгі етеді. Өлеңнің бір шумағын келтірелік: «Мынау Абай – бір ғалым жол шығарлық, Замандасы болмады сөз ұғарлық. Амалы жоқ, айналды енді бізге, Күн туды етегіне жабысарлық» (Құдайбердіұлы, 2008: 18). Осы өлеңінде, Шәкәрім жастарды Абайдан үлгі алуға шақырады. Абайдың керемет метфоралық бейнесін жасайды: «Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан». Бұл – поэзиядағы сирек қолданыс. «Ақыл сатқан саудагер» тосын естіледі, бірақ мәні терең. Ары қарай, «Тегін білсең – аласың, бос береді» дейді. Яғни, ғылым, ақыл адамзаттың байлығы. Сол байлық қазақтың ішіндегі Абайда. XX ғасыр басында Абайдың жақындары, балалары дүниеден озады. Абайдың өзі 1904 жылы қайтыс болады. Ахат Шәкәрімұлының естелігінде осы қайғылы кезең, әкесінің Абайға берген серті кең таратылып берілген: ««Мен әлсірейін деген екенмін ғой. Киіндір, тысқа шығар», – деді. Мен шапанын, бөркін кигізіп, қолтықтап көптің ортасына әкеп отырғыздым. Абай көппен амандасып болған соң, тез бойын жинап, «Мағаш тек менің ғана балам емес екен, көптің сіздердің де балаларыңыз екен! Мен сіздерді ойламаған екенмін, ғафу етіңіздер!» – деп, сөзге араласып кетті. Бір мезетте, мені қолымен нұсқап: «Мынау Шәкәрім де, мен де сорлы екенбіз. Бұдан бұрынғы жылда Шәкәрімге ойымды

айтып, уағда бергенім естеріңізде шығар. Мына екі туысқанның қазасы қабат келіп, мұны білім іздеу жолынан қалдырды, менің Шәкәрімге білім қуғызсам деген мақсатым орындалмай қалды. Шәкәрім де, мен де сорлы екенбіз дегенім осы?! – деді. Мен Абайға: «Ол тілегіңізді орындаймын, айтқан жерлеріңізге барамын» – дедім. Абай аз күлімсіреп: «Қаражат беретін мен өліп қалсам, қайтесің? – деді. Мен: «Сіз өлмеңіз! Қайтсем де, тірі болсам, Сізге берген сертімді орындаймын!» – дедім. «Бір қайғыңды бір қайғың ұмыттырсын» деген оңбаған қарғыстай, Мағаштың қырқында, Абай қайтыс болып, біржола сорым қайнап қалды. Абай түсімнен шықпайтын болды. Абайдың қаралы үш жылын күту қиын болды. Ақыры ойланып, ел бауырға түскен соң, барлық туғандарды жинап, Абайға еткен уағдамды орындауға сапар жүретінімді айттым. Бұған наразы болғандары: «Жақсы көретін ағасының үш жылын күтпеуі қалай?» – деп баруыма ырза болмады. Ұққандары ырзалығын берді. Наразы болғандардың өкпелерінен гөрі Абайға берген сертімді орындауды артық көрдім» (Шәкәрімұлы, 2007: 172).

Шәкәрім Абайдың арманын орындап, қажылыққа сапар шегіп, білімнің мұхитында жүзеді. Ол кезең де естелікте кең таратылып берілген. Соған назар аударайық: «Сүйтіп, 1905 жылдан 1906 жылға қарсы күзде жүріп кеттім. Абайдың ақырғы кеңесі – осы сапарым менің көзім ашылып, адам қатарына қосылуыма үлкен себебін тигізді. Сол сапарда, неше ұлттың, ғалымдарымен сөйлесіп, пікір алысып, керек кітаптарды алдым. Ол кітаптарды посылка етіп, Семейдегі Әлияның атына жіберіп отырдым. Стамболда тарих қорларын сақтайтын орындарда болып, ары бара жатқанда 13 күн тарих ақтардым. Ертедегі Шығыс ақын-жазушы, ойшылдарының шығармаларын түгелдей алдым.

Гомерден бастап Грек халқының ойшыл-философтарының шығармаларын, Батыс философтарының шығармаларын, ертедегі Түрік ғалымдарының жазған шығармаларын, әр елдің лұғаттарын, Америка жазушыларының шығармаларын алдым. Демек, менің бұл сапарым көкірек көзімді ашып, аңсаған арманыма қолым жеткен сапарым болды! Бұ да Абайдың айтқан ақыл-кеңесінің жемісі. Стамболдан Меккеге бардым, оның тарихи орындарында болып, көп қажеттерімді таптым. Меккеге бардым. Одан Араб халқының ескі замандағы Мұхаммед пайғамбардан 200 жылдай бұрын болған Абу Суфиян сияқты ғалымдардың шығармаларымен танысып, кітаптарын алдым. Бірақ, Мысырдағы (Египеттегі) Александр атындағы кітапханаға бара алмадым. Меккеде сол кітапханада көп жыл істеген ғалымға кездесіп, менде жоқ ғалымдардың шығармаларын жазып алдым. Қайта қайтқанда бізден ауру шығып, бір айдай Стамболда жатып алдық. Мен доқтырмен келісіп Стамболдың тарихи орындарын тарихи ақтардым. Үнді, Парсы ғалымдарымен пікір алыстым. Ең аяғы Түрік музыкантынан нота жазуды үйрендім. Парсы тілін жетік білетінімнің арқасында Парсы, Үнді доқтырларымен сөйлесіп, емдеу тәсілдерінің көбін үйрендім» – дейтін» (Шәкәрімұлы, 2007: 173).

Шәкәрімнің «Саят қорасында» бай кітапханасы болғаны тарихтан белгілі. Ол кітапхана бастауын қайдан алып отырғанын, жоғарыда келтірілген естеліктен байқап отырмыз. Шәкәрімнің «Саят қорасы» сол кезеңдегі қазақ даласындағы үлкен кітапхана ретінде тарихтан орын алуы керек. Шәкәрімнің кітапханасы туралы баласы Ахат Шәкәрімұлы өзінің естелігінде мынандай ақпарат берген: «Сол кезде Шәкәрімнің кітапханасындағыдай кітаптары бар адамдарды көргем жоқ. Батыс, Шығыс ақындарының толық жинақтары,

барлық елдің лұғаттары, газет-журналдары болатын. Шәкәрім бұларды өте ұқыпты ұстайтын. «Мың бір түннің» толық томдары да болатын. Шәкәрім жасынан, өзі айтқандай «белін буып, білім қууға» түседі. Қазақ шежіресін жазбақ болады. Ол үшін Табаридің – «Тарих ғумими», «Тарих ғұсмани», «Тарих Интишар ислам», Нажім Ғасымбектің – «Түрік тарихы», Абылғазы баһадүр хан жазған «Шежіре Түрік», Радловтың «Ойғыр туралы», Аристовтың «Түрік нәсілі туралы», дүниедегі әр түрлі жұрттың шежірелерінен: Түріктің ең ескі замандағы шежіресі – «Құдатқу білік», «Кошо-қайдам», Қытайдың – Юан-Шау-Ми-Ши деген тарихшысының жазғанын, парсы, Рим, Европа жазушыларының жазғандарын оқиды. Сүйтіп, қазақ шежіресін жазады. Қазақтың лұғатын жазбақ болады. Қазақтың бай ауыз әдебиетін, эпостық әңгімелерін мақал-тақпақтарын, мәнілі сөздерін жинайды» (Шәкәрімұлы, 2007: 241).

500 жуық еңбектің авторы, атақты Мартин Хайдеггердің шәкірті, неміс-американ философы Ханна Арендттің төрт мыңнан астам кітаптан тұратын кітапханасы болғаны туралы «Вокруг света» журналында ақпарат берілген. Ханна Арендт атақты «Тоталитаризм бастауы» еңбегінің авторы. Сол төрт мыңнан астам кітаптардың мыңға жуығында автордың белгі қойып оқыған таңбасы сақталған. Бүгінде ол кітаптар жеке меншік гуманитарлық Бард колледжінде сақталған. Сонымен қатар, Тоталитаризм мәселесін зерттейтін Ханна Арендт институты (нем. Hannah-Arendt-Institut für Totalitarismusforschung, қысқаша НАИТ) 1993 жылы Дрезден техникалық университетінде ашылды. Ал, Шәкәрімнің «Саят қорадағы» дүниежүзінен жинаған, қазақ даласындағы аса құнды кітапханасы қайда десеңіз, оның тағдыры адам айтқысыз трагедиямен аяқталған. Ол туралы баласы Ахат өз естелігінде былай дейді: «Осы мол асыл қазына кітаптар қайда? Қайда кетті?» – дейсіздер ғой. Сіздердің де, менің де жанымды жеп, жүрегімді күйдіретін, мәңгілік арман боп, ауыр тиетін жағдай. 1931 жылы қораларды, тамдарды бұзып, ағаштарын, тақтайларын алғанда, ол кездегі жанама жандайшап, санасыз адамдар бар кітаптарды далаға үйіп, түп-түгел өртеп жіберген!...» (Шәкәрімұлы, 2007: 142).

Бұл қазақ мәдениетіндегі орны толмас орасан қайғы. Шәкәрім толысқан шағында оңаша иен далаға саналы түрде кетіп, бай кітапханасына молынан бас қойып, үлкен еңбектер жазуға кіріскен. Бұлай, оқшаулану – даналықтың белгісі. Оқшаулану туралы, адамзаттың данасы Альберт Эйнштейн былай деген: «Я живу в том уединении, которое столь болезненно в юности, но восхитительно в зрелости» («Self-Portrait», 1930). Шындығында, Шәкәрім қажылыққа сапар шеккенде, көптеген қалаларда болып, кітапханаларға барып, жеке ғалымдармен сұхбат құрып, ол жақтан көптеген кітаптар алып толысып қайтқан болатын. Шәкәрім Кеңқоныс жайлауында, кейіннен Шақпақтың күнгей бетінен «Саят қора» аталып кеткен, оңашадағы тұрағын салдырғанда еркін шығармашылықпен айналысуды мақсаттағанын өз шығармаларында талай айтып өткен. Дегенмен, Шәкәрімнің халық ортасындағы үлкен беделі, оның қоғамдық-әлеуметтік мәселелерден тыс қалдырмады. 1918 жылғы аласапыранда Шәкәрімді сыртынан облыстық соттың бастығы етіп сайлаған. Сол кезеңде Семейдегі Белгібай деген белгілі кісінің қызы, Ғабдолла Қоскеев деген мұғаліммен сөз байласып қашып кетеді. Арты үлкен дауға айналып, екі жақ Шәкәрімге кісі салып, үлкен қоғамдық резонанс тудырған, бүкіл Семей шаһарында, қазақ даласында аңыз боп тараған үлкен оқиғаға

айналады. Шәкәрім әділ шешімін шығарады. Сол соттың жүрісін көзімен көріп қатысқан Ахат Шәкәрімұлы естелігінде былай береді: «Сот болатын залға жұрт лық толды. Мен есік босағасында тұрдым. Сыймағандар есіктен сығалап тұрды. Алдыңғы қатарда қыз, Белгібайдың туғандары отырды. Басы орамалмен таңулы, беті, маңдайы көкала болған мұғалім тұрды. Оның артында мылтық ұстаған солдат тұр. Соттар келгенде, отырған жұрт түрегелді. Әкейдің екі жағында – Мұқыш Тоштаев пен Смахан Бөкейханов отырды. Мұқыш Белгібай атынан жазылған арызды оқыды. Арызда: «Қызымды тартып алып қашты, тереземді шағып, мүлкімді алды. Іздеу жолына қанша пұлым шықты, – деп шұбыртып, мұғалімді қаралаған сөздер. Сөздің бірі анық бірі күңгірт болып естілді маған. Әкей Ғабдолла Қоскеевке сұрақ қойды. Қалай алып қаштың? Не алдың? Терезені неге сындырдың? – деп. Ол: «Терезеден шыққаным рас, бірақ қиратқамыз жоқ, ашпасын ашып, содан кеттік, еш мүлік алғамыз жоқ. Қыз ырза болған соң, алып қаштым!..» – деді. Мен Белгібайдың қызын бірінші рет көргенім сол, көк көз, қызыл сары екен. Қызға сұрақ қойғанда: «Біз терезені қиратқан жоқпыз, ашпасынан шықтық. Үстімдегі киімімнен басқа түк алғам жоқ», – деді. Ақырында әкей қызға қарап: «Қарағым! Ақырғы айтатын сөзін, не? Бұрынғы атастырған жеріңе баруға ықтиярсың ба?» – деді. Қыз бөгелген жоқ дайындалып алған кісідей: «Адал сот алқалары, Сіздерден сұрарым, тілегім, менің ақырғы айтарым: Мен бұрынғы жеріме бармаймын, оған ырза емеспін. Басыма бостандық берсеңіздер екен? Бостандық берсеңіздер, осы мұғаліммен қосылғым келеді» – деді. Арт жақтан: «Жарайсың! Жолың болсын!!» – деген дауыстар шықты. Соттар оңаша бөлмесіне кіріп кетті. Аздан соң, соттар шықты. Жұрт түрегелді. Мұқыш соттың билігін оқыды. Бас жағында: «Біздің сот – ар соты, ардан, адамгершіліктен аспай, әділін айтамыз...» – деген сияқты сөздерді оқып келіп: «Қыздың басына бостандық берілсін! Өзі сүйген адамына барсын!» – деп тоқтады. Залдағылар ду қол шапалақтап жіберді. Түндегі келген ақсақал: «Бәсе, айттым ғой, Шәкәрім әділін айтады деп! Жолың болсын! Атаңның аруағы әмән қолдасын! – деп дауыстады» (Шәкәрімұлы, 2007: 180-181).

Сол әділетті соттан кейін, үлкен дау болып, мал мен билікке сүйенген жуандар тарапынан, қоқан-лоқы көрсеткен шу шығады. Ел басқарған азаматтарға қатты ренжіген Шәкәрім, ертеңінде кеңсеге барып, жұмысын тапсырып елге қайтқан. Ауылда бір күн болып, ертеңінде Кеңқоныстағы тұрағына кетеді. Сол жылы Шәкәрім қолындағы Әуіпшіті де қайтарып, өзі жалғыз қалады. Сондықтан, Шәкәрімнің жалғыздығына ықпал еткен фактор мынау деп айту қиын. Көп факторлардың жиынтығы, дегенмен басымдықты Шәкәрімнің ойшылдығына, шығармашылығына береміз. Шәкәрімнің атақты «Мұтылғанның өмірі» деген өлеңінде мынадай жолдар бар: «Ойға оңаша жер керек, Ойыңды ұғар ел керек». Шәкәрімнің ойшылдыққа басымдық бергені анық байқалып тұр. «Сол ойды ұғар ел керек» ауыр күрсініске бой алдырады. Шәкәрім оңашада еркіндіктің қадіріне жеткен. Сондықтан көпфакторлы еркіндік ұғымына біртекті анықтама беру қиын. Еркіндік мәселесінің экзистенциальды философия аясында зерттеген философ Ольга Валерьевна мынадай пікір айтқан: «Свобода – одна из сложнейших проблем, волнующих мыслителей различных эпох. Свободе посвящены многочисленные философские сочинения, но тем не менее тема свободы поистине неисчерпаема, так как представители различных философских школ, а тем более разных эпох расходятся в

пониманий этой глобальной общечеловеческой проблемы. В настоящее время проблема свободы приобретает исключительно важное значение» (Козлова, 2003: 282).

Тыныш шығармашылықпен айналысып жалғыз жатқан Шәкәрімге аласапыран замандағы билік маза бермейді. Кеңқоныстағы тұрағынан айрылған соң, Шақпақтың күңгей бетінен «Саят қора» аталып кеткен тұрағын салдырып сонда тұрған. 1928 жылы қаулы нәтижесінде кәмпескенің қызып тұрған кезінде, Шәкәрімді де кәмпескеге салады. Шәкәрімді өз ауылына салғанда барша жұрт қолдап шығады. Кейіннен бірнеше көрші ауылдың, тіпті Семей қаласындағы Затон кеңесіне де салады. Барлық жерде ел Шәкәрімді қолдап шығады. Шәкәрім қазақ даласындағы әділеттіліктің символы еді. Ардан аттамаған тұлға – Шәкәрім болатын. Қазақтың «Аққа Құдай жақ» деген ойлы сөзі анық Шәкәрімге арналғанын даулы кәмпеске мәселесі көрсетіп берген. Лев Николаевич Толстойды «Ясная Полянаға» іздеп келгендей, Шәкәрімді де «Саят қораға» іздеп келушілер көп болған. Сондай адамның бірі, ұлты неміс, мамандығы дәрігер, Макс Кушинский деген адам. Қазақтың дәстүрі, мәдениеті, ішіп-жем тамағы туралы көп әңгімелеседі. Макс Кушинскиймен бірге Шәкәрімге Қошке Кемеңгеров пен Мұхтар Әуезов те келген. Бұл оқиға 1920 жылы болған. Осы неміс ғалымы Макс Кушинский өз еліне барған соң «Степь и ее обитатели» деген атпен кітап жазған. Осындай тағы бір кездесу, 1925 жылы саяхатшы, этнограф Фёдор Артурович Фиельструппен болған. Шәкәрімнің ауылын, өзінің бүркіт ұстап отырғанын фотоға түсірген. Бүгінгі таңда Шәкәрімнің белгілі үш суретінің бірі осы сурет. Кейіннен ол жарық көрген кітабын қолтаңбасымен Шәкәрімге жібереді. «Саят қорада» кітаптарды үйіп қойып өртегенде бірге кеткен. Осындай тарихи бір оқиға, Шәкәрімнің Лев Толстоймен хат жазысып тұрғаны. Бүгінгі таңға дейін ол хаттар табылмады. Тек баласы Ахат Шәкәрімұлының естелігінде Шәкәрімнің үш сұрағына Лев Толстойдың берген жауабы сақталып қалған. Шәкәрім Лев Толстойды ұстаз санаған, оның шығармаларын аударған, тіпті оған өлең де арнаған. 1929 жылы Шәкәрім өмірінде ерекше орын алған тағы бір оқиға болады. Шәкәрімге Алматыдан Ораз Исаев, Тұрар Рысқұлов тағы басқа азаматтар атынан хат келеді. Осы хатқа байланысты Шәкәрімнің харакеті, оның қаншалықты терең тұлға екенін көрсетеді. Хат келген кезде Шәкәрім елсіз жайлаудағы «Саят қорасында» болатын. Хатты Аякөзден барып алған Ахат Шәкәрімұлы алан. Пochтадағылар хатты ашып оқығанын көрген Ахат, өзі де хатты оқиды. Ауылға келген соң туған-туысқа оқып бергенін, әулеттің қуанып жатқанын «Саят қораға» келгенде әкесі Шәкәрімге жеткізеді. Бәрі Алматыға көшеміз деп буынып-түйініп отыр дейді. Өйткені Шәкәрімге арналған хатта шойын жолға қанша шақырым жерде тұрасыз, қанша жаныңыз бар, келіссеңіз қаражат жібереміз деп жазылған. Тарих бөлімінде қызмет істеуін сұраған. Осыларды оқып, Ахатты тыңдап болған соң Шәкәрім баласына сұрақ қоя отырып жауап береді: «Әкей: «Өздерің де көшуді, менің баруымды ұнаттыңдар ма?» – деді. Мен: «Біз қатты қуанып қалдық, естіген ел де қуанды» – дедім. Әкей: «Е, сендер де, ел де өз көздеріңмен өлшеген екенсіңдер ғой?» – деді де, хатты оқиды. Аз ойланып отырды. Мен әкейдің ыңғайын байқап: «Барғыңыз келмей отыр ма? Оныңыз тартпақтық емес пе? Уақытты көріп отырсыз ғой?» – дедім. Әкей, аздап түсі бұзылыңқырап, «Менің айтқан нақыл сөзім бар еді. Сол айтқанымдай, сендер де, басқалар да мені танымайсыңдар деп ренжуімнің қажеті жоқ екен!» – деп үндемей қалды» (Шәкәрімұлы, 2007: 193).

Үлкен қайшылық осы жерден басталады. Өкпелеген түр танытқан баласына қарап, Шәкәрім ұзақ сөйлейді. Онда мені шақырып отырғандар ақиқат тарихты жазғызбайды, бүгінгі өздеріне керек тарихты жазғызады. Онда менің кім болғаным деп кең түсіндіріп келіп, ренжімеуін сұрайды. Шәкәрім кең толғап келіп, түйін сөзін айтады: «Менің өскен айналам қандай? Көргенім не? Осыны сендер білмейсіңдер! Айналам – дау, жанжал, өтірік, ұрлық қанау, талау, надандық, жуандық-зорлық, мақтан, мансапқұмарлық, партия, обырлық, қорқаулық, жалқаулық, ұрыс-төбелес, міне, менің көргенім – сүрген өмірім. Мен осылармен жағаласып, арпалысып өмірімді өткіздім. Олармен жеке өз басым үшін алысқам жоқ. Өз басымның тыныштығын ойлаған болсам, байлық, мақтан, мансапқа ие болып, мықты, жуан деген атаққа қолым жетіп, шалқып өмір өткізер едім. Арым, адамшылығым мені оған апармады. Адам болып тудым, адам атымды ақтаймын, көп үшін, халық үшін, келешек ұрпақ үшін еңбек етейін. Кейінгіге үлгі аларлық із-белгі қалдырайын, адам атым өшпесін, тарихқа аз да болса үлес қосайын деген ойда болдым. Арыңды сатып бақ алып, мансап тапқанымша, көптің адалын жақтайын, көпке жағайын, көргенімді, білгенімді бар адам баласы үшін жазайын, наданның көзін ашайын, келешектің ойын ашайын деп жаздым. Айтқанымды, аңсаған арманымды орындауға қолым жетпеді, әлім келмеді. Қатыгез заман, қайырымсыз, қатал, мансап құмар, қаңғыбас, мейірімсіз басшылар көнбеді. Тілін емізген, көз байлаған қулар, жайдары пысықтар, алдампаз, арам сопылар, парақор ұлықтар көндірмеді. Мен жалғыз қалдым. Өз ойымды, өз арымды сақтап қалайын деп, адам атымды ақтап алайын деп, жапанға қаштым. Сондағы менің ойым, мақсатым не, білесіңдер ме? Қалған өмірімді жазумен, ізденумен өткізбек болғам. Сол ойымды, тапқанымды жазып кейінгіге қалдырмақ болдым. Өз заманым үшін жазғам жоқ. Келер дәуірдің адамы үшін жаздым. Адамның арты бүгінгілер ғана емес, кейінде келешектер бар. Дәуір артқа тартпайды. Алға тартады. Өмір жаңара бермек, өмір жаңарса, адам тазара бермек. Еш нәрсе біржола жоғалмақ емес, өзгеріп қайта келмек. Тарих мәңгілік. Ол өткеннің тазасын, жарамдысын алмақ. Жаңа заман тарихтың тазасына, асылына орнамақ. Тарихтың отындай тазасы, алмастай асылы жаңа дәуірдің іргетасы болмақ. Сол іргетастың бір керегіне жарарлық тас сынығын таппақпын, соны жазбақпын. Соны іздегеннен басқа өмір маған қалған жоқ балам! Енді ұғарсың! Қош, жолың болсын!» — деп елсіз тамында қала берді. Мен қош айтып, елге тарттым» (Шәкәрімұлы, 2007: 195).

Міне, осы түйін сөзде Шәкәрімнің жалғыздығының мәні ашылады. Шәкәрім жапан түзге, жалғыздық пен еркіндікке кеткендегі мақсаты, ақиқат ойы мен таза арын сақтап, адам болып қалуды мақсат еттім дейді. Шәкәрім есімі мәңгілік. Шәкәрімнің ерлікке парәмірі, еркіндігі оңайға түспегенін, жоғарыда келтірілген ақпарат айқындап тұр. Белгілі философ Эра Федоровна Звоздкина бастаған философ ғалымдар дайындаған «Теория философии» еңбегінде еркіндіктің мәні туралы тұшымды пікір айтылған: «Понятие «свобода», взятое само по себе, представляет собой весьма размытую и многозначную абстракцию. Содержание ее, так же как и других философских категорий, раскрывается прежде всего в анализе взаимосвязи с противоположным понятием. Однако у свободы как одного из универсальных свойств человека таких противоположностей может быть несколько, как и в каких отношениях он берется. Следует отметить, правда, что со всех

сторон определение свободы человека является мировоззренческим» (Звездкина, 2004: 121-122).

Осыған сай, Шәкәрімнің дәуір артқа тартпайды, алға тартады деуі. Сондай-ақ, Шәкәрім «Өмір тазара бермек, өмір жаңарса, адам тазара бермек» деуі үлкен фәлсапалық таным. Шәкәрімге Алматыдан хат келгенде, бала-шаға, әулет қуанды. Олар Шәкәрімнің терең танымын тани алмай қалды. Шәкәрімнің дүниетанымы туралы академик-философ Ғарифолла Есім мынадай тұшымды пікір айтқан: «Шәкәрім большевиктік ілімді қабыл алмады, оның анық еместігін білді, содан пәншілдерге, затшылдарға (материалистер) қарсы болды. Ал, анық еместі «анық» деп езуленгендер қаншама? Анық орнына өтірік, шындық орнына жалған орнықты. Шәкәрім соның бәрін сезді, білді, терістеді. Ол нені болсын сау ақылына салды. Ол сау ақыл – менің иманым деді» (Есім, 2024: 67-68).

Шәкәрім «Саят қорада» жалғыз тұрып, еркін ой кешкендегі негізгі мақсаттарының бірі халқының болашағы болатын. Ол ешқашан өзін халқынан бөлек санамаған. «Саят қорада» жазған шығармаларының ішінде еркіндікке бой ұрған шығармалары көп. Шәкәрім ХХ ғасырдың басында аласапыран басталғанда «Бостандық туы жарқырап» өлеңін жазды. «Алаш қозғалысы» алдыңғы шепке шыққан кезең. Осы өлеңінде ақын «Бостандық» ұғымын екі рет пайдаланған: «Бостандық туы жарқырап», «Бостандық туын байласа, Бұғаудан босап құл қазақ». Шәкәрім сондай-ақ, «ерік», «еркін» ұғымдарын да жиі қолданған: «Еркін тиіп қонысы, Кеңір ме екен өрісі», «Ерік берсе, тимесе», «Өз есінді жи» десе, Қайтер еді бұл қазақ?». Бір өкініш, бір үміт бар. Дегенмен осы өлеңінде «еркіндік» ұғымын бес рет қолданған. Бірінші рет: «Еркіндік суы сарқырап, Байқұс қазақ осыдан, Қала ала ма бас құрап» десе, екінші рет: «Құлдықтан жоқ құтылған, Еркіндігі мұтылған, Берік байлап, тұтылған, Бекітулі шартарап» дейді. Үшінші рет: «Бұл еркіндік тойында, Кетер екен кім талап?» деген. Еркіндік тойы дейді. Өзгеше тіркес. Таланбау керек. Таланбау үшін күрес керек. Төртінші рет еркіндік туралы айтқанда, үмітпен бірге, күмән да жоқ емес: «Бұл еркіндік тым-ақ жас. Бір қалыпты тұра алмас, Кейде айығып, кейде мас, Бостандықты жағалап». ХХ ғасыр басындағы аласапыранды безбендеп келіп мынадай қорытынды шығарып, ой түйеді: «Еркіндік елге тисе де, Берекені ел сүйсе де, Күншілдік қоймас күйсе де, Ашылмас біздің қас-қабақ». Еркіндікке қол жеткізген шақтың өзінде, күншілдік сияқты әлеуметтік дерттен айырылмаса, сол еркіндікті ұстап тұру мүмкін емес екенін жеткізген. Шәкәрім жоғарыда аталған өлеңінде тақырып жағынан да, мазмұндық идеясы жағынан да үндес өлеңі «Бостандық таңы атты» өлеңі. Шәкәрім ақын өзінің дүниетанымындағы еркіндік фәлсапасының болмысын толық ашып берген. «Ұмтылып, ерікті ел болып қалыңдар», – деп фәлсапалық қорытынды жасайды.

Шәкәрім еркіндік туралы айтқанда, ар, адамдық ұғымдарын алдыға шығарады. Бұл аса өзекті мәселе. Ар, адалдық салтанат құрмаған елдің ең қасиетті тәуелсіздігіне қауіп төнері хақ. Бостандық таңы атты, енді бәрің «Арға ие басшының соңынан еріңдер» дейді. Шәкәрім еркіндік елге ғана емес, жеке тұлғаға да сын екенін көрсетіп отыр. Осы жолдардан, Шәкәрім «Саят қорада» елсізде жатса да, елдің қамын ойлағанын көреміз. Шәкәрімнің оңашалануына себеп болған факторлар ол заманда көп болды. Соның бірін, шәкәрімтанушы-философ Бақытжан Рақымжанов былай ашып көрсеткен: «Шәкәрімнің философиялық көзқарастарының ерекшелігі сонда, ол адамның ішкі рухани дүниесіне

айрықша көңіл бөліп, әлеуметтік үрдістерді адамдандыруға тырысты. Қоғамдық қатынастардан адам факторын іздеді. Бірақ Шәкәрім өз заманындағы қоғамдық саяси-әлеуметтік үрдістерден адамды толыққанды адамшылыққа бастайтын жолды көре алды, тапты деп айту қиын. Бұл ойшылдың қалыптасқан қоғамдық қатынастарды жатсынуына себеп болды. Қашанда қоғамдық қатынастар адамнан жоғары тұрған кезде адамның қоғамды жатсынуы басталады» (Рақымжанов, 2009: 150).

Шәкәрімнің «Саят қораға» оңаша кетуіне бұл фактор да ықпал еткенін теріске шығара алмасақ керек. Шәкәрім қажылыққа барғанда, басқа қалаларда болып, көп ғалымдармен кездескені айтылады. Дегенмен, діннің адамзат баласының өміріндегі маңызды орны туралы әрқашанда тереңнен айтып отырған. Философ Николай Бердяевтың «Свобода религиозной совести есть нечто положительное и содержательное, а не отрицательное и формальное» деген пікірімен үндесіп жататын жері жоқ емес (Бердяев, 2004: 253).

Шәкәрім «Мұтылғанның өмірі» деген жүз жиырма үш шумақтан тұратын толғау-поэма жазған. Бұл фәлсапалық толғау-поэма. Шәкәрім өзінің бес жасынан өмірінің соңына дейінгі кезеңді реминиценция-шегініс жасау арқылы фәлсапалық таныммен шолып шығады. Шығарманың түйін шумағы мынадай: «Жаралы жаным шықсын деп, Қара жер мені жұтсын деп, Атымды қойдым - «Мұтылған» (Құдайбердіұлы, 2008: 443) дейді. Шәкәрім өз заманының кемшілігін көре білген. Алматыға тарих ғылымы бойынша қызметке шақырған хат келгенде бармай қалуына себеп, адамдық жолынан ауытқыған Кеңес өкіметі оның жүрегіне жара салды. Сондықтан, Шәкәрім «тәнім» демейді, «жаралы жаным» дейді. Шәкәрім өмірден түңілмеген, қоғамның теріс жолынан түңілген. Ол туралы Ғарифолла Есім: «Шәкәрім өзінің белгілі бір кезеңдерде ұмытылатынын көре білген. Өзінің бұл қоғамға қажетті жағын, дұрысын айтқанда, бұл заман оны керек етпейтіндіктен ұмыт болатынын ақын дәп басып айтқан. Социализм мен Шәкәрім – ымыраға келмейтін өлшемдер. Адам ақылына арқа тіремеген өкіметті Шәкәрім қабылдай алмады. Білімді, данышпандықты жоққа шығару, ысырап ету – сау ақылға сыятын әрекет емес» (Есім, 2008: 25). Шәкәрім өзінің «Саят қорада» тұрған кезін, соңғы жылдардың мәнін ашатын «Мұтылғанның өмірі» шығармасынан басқа да бірнеше еңбектер жазған. Мәселен, «Қатты ауырғанда» деген өлеңіне мынадай сөз жазып қосқан: «1930 жылы 1 мартта иесіз қорада жатып жазған». Сол сияқты, «Иесіз қорада», «Иесіз қораға екінші барғанда», «Екінші күн қонғанда», «Не күшті – себеп болған тағдыр күшті», «Мың тоғыз жүз отызыншы» өлеңдері «Саят қорада» өмір сүрген соңғы жылдарындағы табиғатын ашатын шығармалар. Шәкәрім қазақ тарихында өзінің орны бар бірегей тұлға. «Адам ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді» деген дана тұлғаның есімі еліне қайта оралып, бүгінде халқының құрметіне ие.

Мақала авторлары Шәкәрім тұлғасы мен шығармашылығын зерттеу барысында іргелі бірнеше еңбектердің басында тұрды. Мәселен, «Шәкәрім» тұлғалық энциклопедиясы (Сыдықов, 2008), сондай-ақ Шәкәрімнің фәлсапалық еңбектері Мәскеуден жарық көрді (Орынбеков, 2024).

Қорытынды

Мақалада Шәкәрімнің өмірінің соңғы жылдары өткен «Саят қорасы» тарихи-мәдени құндылық ретінде қарастырылды. Шәкәрімнің елсіз далада оқшауланып шығармашы-

лықпен айналысқан кезеңдегі жалғыздық пен еркіндік мәселесі тарихи-фәлсапалық контексте қарастырылды. Шәкәрімнің оқшаулануына ықпал еткен факторлар қоғам өміріндегі саяси-әлеуметтік мәселелермен тұтастықта қарастырылды. Шәкәрім елсіз далада «Саят қорада» шығармашылықпен айналысқанымен, өзінің ел алдындағы міндетін терең таныды. Ол өзін, және қоғамды тану үшін оқшауланып өмір сүрді. Бұл экзистенциалды мәселе, оның мәнін түсінуге ұмтылысы тұлғаның даралығын айқындайды. Шәкәрімнің харакеті терең танымнан шыққан шешім, дегенмен халыққа қызмет етуден бір сәт алшақтаған емес.

Біздің ойымызша, Шәкәрімнің толысқан шағында елден оқшауланып, шығармашылыққа бой ұруы тарихи-мәдени даралық құбылыс. Мақалада Шәкәрімнің тосын шешімінің табиғатын тану басты мақсат.

Сайын далада, әлемнің түпкір-түпкірінен жинаған бай кітапханасын мейлінше пайдаланып, Ар білімі жүйесін қалыптастыруы, «Үш анық» сияқты іргелі еңбек жазуы көп нәрсені аңғартса керек.

Қорытындылай келе, Шәкәрімнің «Саят қорасы» қазақ өміріндегі тарихи-мәдени құндылық ретінде тануға болатын феномен деген тұжырым жасауға болады. Қазақ тарихи-мәдени санасында өзіндік таным жүйесін қалыптастырған сакралды құбылыс өз тарапынан болашақта да терең зерттелетін мәселе.

Қаржыландыру

Мақала AP23489475 «Шәкәрімнің Саятқорасы: тарихи және этно-археологиялық зерттеу» гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында дайындалды.

Авторлардың үлесі

Сыдықов Е.Б. – мақалада Саят қораның тарихи-мәдени негіздемесін айқындап, оның әлеуметтік-тарихи кезеңдегі мәнісін пайымдау, деректерді жинау және өңдеу, мақала мәтінін түзету, сонымен қатар мақаланы талқылау.

Шаңбай Т. – мақаланың мәтінін жазу, Саят қораның тұлғаның экзистенциалды болмысындағы орны, тұлғаның жалғыздық пен еркіндік мәселесін фәлсапа контекстінде қарастыру.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Әдебиеттер тізімі

«Self-Portrait» (1936), p.1950s, Out of My Later Years (1950). <https://ru.citaty.net/tsitaty/646705-albert-einshtein-ia-zhivu-v-tom-uedinenii-kotoroe-stol-boleznennno-v/>.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. (2002). Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.2.: Өлеңдер мен аудармалар. – 336 б.

Ахат Шәкәрімұлы. (2007). Естелік. Менің әкем, халық ұлы – Шәкәрім. Баспаға әзірлеген – Бейбіт Сапаралы. 145-243 беттер. / Кітапта: Шәкәрімтану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ. 1-т. – Алматы: Раритет. – 448 б. Құрастырушы Т. Шаңбай.

Бердяев Н. (2004). Философия свободы. – Москва, «Издательство АСТ». – 333 с.

- Бичер-Стоу Гарриэт. (1908). Хижина дяди Тома (Бичер-Стоу; Анненская)/1908 (ВТ). О происхождении рабства и освобождении негров в Америке. (Перевод с английского и вступительная статья А. Н. Анненской. – С.-Петербург. Издание «Вятского товарищества». – 511 с.
- Есім Ғ. (2008). Данышпан Шәкәрім. – Алматы: Атамұра. – 336 б.
- Есім Ғ. (2024). Шәкәрімнің «Үш анық» фәлсапасы. 55-73 беттер. // Журналда: «Шәкәрім» ғылыми-танымдық журналы. 1 (45). – 135 б.
- Звездкина Э.Ф. и др. (2004). Теория философии. – Москва: Издательство Эксмо. – 448 с.
- Козлова О.В. (2003). Проблема свободы и объективации в философии Н.А. Бердяева. 282 с. // В книге: Историко-философский ежегодник / Институт философии. – Москва: Наука. – 371 с.
- Құдайбердіұлы Ш. (2008). Шығармалары: Өлеңдері, дастандары. – Алматы: «Ел-шежіре». Т. 1. – 480 б.
- Орынбеков Д. (2024). Родник по имени Шакарим. – Москва: Изд. «Восточный экспресс». – 352 с.
- Рақымжанов Б.Қ. (2009). Шәкәрім дүниетанымы. Оқу құралы. – Қарағанды. «Санат» баспасы. – 164 б.
- Сартр Ж.П. (2008). Картезианская свобода. – 19-219 бб. // Кітапта: 1. Сартр Ж.П. Проблемы метода. Статьи / Пер. с фр. В.П. Гайдамака. – Москва: Академический Проект. – 222 с.
- Сыдықов Е. (2008). Шәкәрім. Энциклопедия. – Семей. – 864 б.
- Хемингуэй Э. (1983). Речь при получении Нобелевской премии., «Марк Твен джорнэл», 1962 г. // Кітапта: Хемингуэй Э. Старый газетчик пишет... Худож. публицистика. Пер. с англ. / Предисл. и коммент. Б. Грибанова. – Москва, Прогресс. – 344 с.
- Шәкәрім (1970). Сәбит Мұқановқа жазған хаты. 1931 ж. 3 ақпан. (Түпнұсқадан көшірген Қазақ ССР Ғылым академиясы М.О.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер инст-ның ғылыми қызметкерлері: Ә. Нарымбетов; Қ. Мұхаметханов. 5.1. – 1970 ж.).
- Шопенгауэр А. (1992). Свобода воли и нравственность. / Общ. ред., сост., вступ. ст. А.А. Гусейнова и А. П. Скрипника. – М.: Республика. – 448 с.

References

- «Self-Portrait» (1936), p.1950s, Out of My Later Years (1950). <https://ru.citaty.net/tsitaty/646705-albert-einstein-ia-zhivu-v-tom-uedinenii-kotoroe-stol-boleznenno-v/>. [in English]
- Abaj (Ibrahim) Құнанбайұлы. (2002). Shygarmalarynyn eki tomdyq tolyq zhinaqy. – Almaty: Zhazushy. – Т.2.: Olender men audarmalar. – 336 p. [in Kazakh]
- Ahat Shakarimuly. (2007). Estelik. Menin akem, halyq uly – Shakarim. Baspaga azirlegen – Bejbait Saparaly. Pp. 145-243. / Kitapta: Shakarimtanu maseleleri. Serijalyq gylymi zhinaq. 1-t. – Almaty: Raritet. – 448 p. Qurastyrushy T.Shanbaj. [in Kazakh]
- Berdjaev N. (2004). Filosofija svobody. – Moskva: «Izdatel'stvo AST» – 333 p. [in Russian]
- Bicher-Stou Garrijet. Hizhina djadi Toma (Bicher-Stou; Annenskaja)/1908 (VT). O proishozhdenii rabstva i osvobozhdenii negrov v Amerike. (Perevod s anglijskogo i vstupil' naja stat' ja A. N. Annenskoj. S.-Peterburg. Izdanie «Vjatskogo tovarishhestva». 1908. – 511 p. [in Russian]
- Esim G. (2008). Danyshpan Shakarim. – Almaty: Atamura. – 336 p. [in Kazakh]
- Esim G. (2024). Shakarimniң «Ysh anyq» falsapasy. Pp. 55-73. // Zhurnalda: «Shakarim» gylymi-tanymdyq zhurnaly. 1 (45) – 135 p. [in Kazakh]
- Zvezdkina Je.F. i dr. (2004). Teorija filosofii. – Moskva: Izdatel'stvo Jeksmo. – 448 p. [in Russian]
- Kozlova O.V. (2003). Problema svobody i ob#ektivacii v filosofii N.A.Berdjaeva. 282 p. // V knige: Istoriko-filosofskij ezhegodnik. / Institut filosofii. – Moskva: Nauka. – 371 p. [in Russian]
- Qudajberdiuly Sh. (2008). Shygarmalary: Olenderi, dastandary. – Almaty: «El-shezhire». Т. 1. – 480 p. [in Kazakh]

Orynbekov D. (2024). Rodnik po imeni Shakarim. – Moskva: Izd. «Vostochnyj jekspress». – 352 p. [in Russian]

Raqymzhanov B.Q. (2009). Shakarim dunietanymy. Oqu quraly. – Qaragandy. «Sanat» baspasy. – 164 p. [in Kazakh]

Sartr Zh.P. (2008). Kartezianskaja svoboda. – Pp. 19-219. // Kitapta: 1. Sartr Zh.P. Problemy metoda. Stat'i / Per. s fr. V.P. Gajdamaka. – Moskva: Akademicheskij Proekt. – 222 p. [in Russian]

Sydyqov E. (2008). Shakarim. Enciklopediya. – Semej. – 864 p. [in Russian]

Hemingujej Je. (1983). Rech' pri poluchenii Nobelevskoj premii., «Mark Tven dzhornjel», 1962 g. // Kitapta: Hemingujej Je. Staryj gazetchik pishet... Hudozh. publicistika. Per. s angl. / Predisl. i komment. B. Gribova. — Moskva, Progress. – 344 p. [in Russian]

Shakarim. (1970). Sabit Muqanovqa zhazgan haty. 1931 zh. 3 aqpan. (Tupnusqadan koshirgen Qazaq SSR Gylym akademijasy M.O.Auezov atynd. Adebiet zhane oner inst-nyn gylymi qyzmetkerleri: A. Narymbetov; Q. Muhamethanov. 5.1. – 1970 zh.). [in Kazakh]

Shopengauer A. (1992). Svoboda voli i npravstvennost'. / Obshh. red., sost., vstup. st. A.A. Gusejnova i A. P. Skripnika. – M.: Respublika. – 448 p. [in Russian]

Авторлар туралы мәліметтер / Information about authors / Сведения об авторах

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев к-сі, 2, 010008, Астана, Қазақстан, rector@enu.kz, <https://orcid.org/0000-0001-5276-772X>

Sydykov Yerlan Battashuly – Doctor of Historical Sciences, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev Str., 2, 010008, Astana, Kazakhstan, rector@enu.kz, <https://orcid.org/0000-0001-5276-772X>

Сыдықов Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, академик Национальной академии наук Республики Казахстан, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан, rector@enu.kz, <https://orcid.org/0000-0001-5276-772X>

Шаңбай Тұрдықұл – филология ғылымдарының кандидаты, философия ғылымдарының магистрі, Шәкәрім университеті, Глинка к-сі, 20А, 071412, Семей, Қазақстан, tutril59@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0006-9563-8999>

Shangbay Turdykul – Candidate of Philological Sciences, Master of Philosophy, Shakarim University, Glinka Str., 20A, 071412, Semey, Kazakhstan, tutril59@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0006-9563-8999>

Шанбай Турдыкул – кандидат филологических наук, магистр философии, Шәкәрім университет, ул. Глинка, 20А, 071412, Семей, Казахстан, tutril59@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0006-9563-8999>

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 11.07.2025

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами / Approved by reviewers: 29.07.2025

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 29.08.2025